

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 242 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес және асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 27 ақпандағы
N 242 қаулысымен
бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтау және дамыту мақсатында 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 101 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және соның шегінде мал тұқымын асылдандыру зауыттарына, асыл тұқымды мал шаруашылықтарына, мал тұқымын асылдандыру және дистрибьютерлік орталықтарына (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері) қаражат төлеудің (бұдан әрі - субсидиялау) жалпы шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар:

1) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) құнын ішінара арзандату үшін;

2) мал шаруашылығы жөніндегі мал тұқымын асылдандыру орталығына асыл тұқымды бұқаларды сатып алу және күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды толық өтеуге (бұдан әрі - мал тұқымын асылдандыру орталығы);

3) етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылықта сатып алынатын азықтар мен қоспалардың құнын толық өтеу бөлігінде асыл тұқымды құс балапандарын күтіп ұстауға арналған шығындарды ішінара өтеуге;

4) мал тұқымын асылдандыру ісі үшін сатып алынатын арнайы технологиялық жабдықтардың (бұдан әрі - арнайы жабдықтар) және техниканың құнын толық өтеуге;

5) Қостанай жылқысын өсіретін асыл тұқымды мал зауытында (бұдан әрі - асыл тұқымды мал зауыты) асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау және жаттықтыру, айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеуге;

6) асыл тұқымды мал зауыты үшін ағылшындық селекциялық таза қанды мініс тұқымының айғырларын сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеуге арналады;

7) 11 асыл тұқымды мал шаруашылықтарының (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылықтары) салық және республикалық әрі жергілікті бюджеттерге төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті өтеуіне. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.21. N 1086 қаулысымен.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар асыл тұқымды өнімнің (материалдың) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) мал тұқымын асылдандыру ісіне белгіленген квоталар шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты көлемін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріне төленеді.

4. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидия нормативтері осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

5. Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері асыл тұқымды өнімді (материалды) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Ауылшарминімен келісілген, төленетін субсидия мөлшеріне кемітілген баға бойынша дербес сатады.

6. Аудан бойынша, облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартының асыл тұқымды өнімді (материалды) кіріске алу және мақсатты пайдалану актісінің, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы жиынтық актілердің ұсынымдық нысандарын Ауылшармині бекітеді.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға арналған субсидияларды төлеу тәртібі

7. Асыл тұқымды өнімді (материалды) арзандатылған құн бойынша сатқанына субсидия алу үшін:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығының субъектілері мәміленің жасалуына қарай, бірақ 2004 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей Ауылшарминінің аудандық аумақтық органына (бұдан әрі - аудандық аумақтық басқарма) мынадай:

асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартын;

төлем құжаттарының көшірмелерін;

2) аудандық аумақтық басқарманың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы (бұдан әрі - мемасылдандыру инспекторы) ай сайын 5-і күніне, бірақ 2004 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей, алдыңғы ай үшін асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы аудандық аумақтық басқарма бастығы бекіткен аудан бойынша жиынтық актіні және мақсатты пайдалану актісін, сатып алу-сату шарттарының түпнұсқаларын қоса Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына (бұдан әрі - облыстық аумақтық басқарма) ұсынады;

3) облыстық аумақтық басқармасы ұсынылған құжаттарды тексереді, облыс бойынша асыл тұқымды өнімнің (материалдың) сатылғаны туралы жиынтық актіні жасайды және бекітеді. Облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы бекітілген жиынтық актілері бойынша, оларда көрсетілген көлемдер мен асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне нормативтер негізінде тиесілі бюджеттік ақшаның көлемін айқындайды және облыс бойынша белгіленген квоталар шегінде асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидияларды төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості жасайды. Облыстық аумақтық басқарма республикалық бюджеттен бюджеттік ақшаның бөліну шамасына қарай күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды мал шаруашылығы тиісті субъектілерінің есеп айырысу шотына тиесілі субсидияны аударады. Облыстық аумақтық басқарма ай сайын айдың 10 күніне қарай, бірақ 2004 жылғы 10 желтоқсаннан кешіктірмей, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидияларды төлеу жөніндегі біріктірілген жиынтық ведомостердің көшірмелерін, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті Ауылшарминіне ұсынады;

4) облыстық аумақтық басқарма Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына мынадай құжаттар:

осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес облыс бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) сату және субсидиялар төлеу туралы біріктірілген жиынтық ведомості;

төлем есебін ұсынады;

8. Асыл тұқымды бұқаларды, арнайы жабдықтар мен техниканы мал тұқымын асылдандыру орталығына сатып алу шығындарын толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне отандық немесе шетелдік селекциялық асыл тұқымды бұқаларды, арнайы жабдықтар мен техниканы Ауылшарминімен келісілген тізім бойынша сатып алу шарттарының бір-бір данасын ұсынады;

2) Ауылшармині жасалған шарттарды тексереді және асыл тұқымды бұқалар, арнайы жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына бюджеттік ақшаны аударады. Мал тұқымын асылдандыру орталығы асыл тұқымды бұқалар, арнайы жабдықтар мен техниканы

сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттарының, сондай-ақ облыстық аумақтық басқарма бекіткен кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

9. Мал тұқымын асылдандыру орталығында асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығын және эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау шығындарын толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығын және эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі есептеудің бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығын және эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттарды тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстауға, олардың ұрығын және эмбриондарын алуға, пайдалануға, сақтауға бюджеттік ақшаны мал тұқымын асылдандыру орталығының есеп айырысу шотына аударады.

10. Етті құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығында сатып алынатын азықтар мен қоспалардың құнын толық өтеу бөлігінде асыл тұқымды құс балапандарын күтіп ұстау жөніндегі шығындарды ішінара өтеу үшін:

1) құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығы Ауылшарминіне азықтар мен қоспаларды сатып алу шартының бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды құс балапандарын азықтандыру жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттарды тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды құс балапандарын күтіп ұстауға бюджеттік ақшаны құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығының есеп айырысу шотына аударады.

11. Етті құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығына арнайы жабдықтар мен техниканы сатып алуға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығы Ауылшарминіне арнайы жабдықтарды және техниканы Ауылшарминімен келісілген тізбе бойынша сатып алу шарттарының бір-бір данасын ұсынады;

2) Ауылшармині жасалған шарттарды тексереді және арнайы жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығының есеп айырысу шотына бюджеттік ақшаны аударады. Асылдандыру шаруашылығы арнайы жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттарының, сондай-ақ облыстық аумақтық басқарма бекіткен кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

12. Ағылшындық селекциялық таза қанды мініс тұқымының айғырларын, жабдықтар мен техниканы асыл тұқымды мал зауытына сатып алу шығындарын толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды мал зауыты Ауылшарминіне ағылшындық селекциялық таза қанды мініс тұқымының айғырларын, сондай-ақ жабдықтар мен техниканы Ауылшарминімен келісілген тізбе бойынша сатып алу шарттарының бір-бір данасын ұсынады;

2) Ауылшармині жасалған шарттарды тексереді және асыл тұқымды айғырларды, жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін асыл тұқымды мал зауытының есеп айырысу шотына бюджеттік ақшаны аударады. Асыл тұқымды айғырларды, жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттарының, сондай-ақ облыстық аумақтық басқарма бекіткен кіріске алу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

13. Асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру және айғырлардың ұрығын сақтауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды мал зауыты Ауылшарминіне асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру, айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі есептеудің бір данасын және асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру және айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған есептеуді тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды жылқыларды өсіруге, күтіп ұстауға, жаттықтыруға және айғырлардың ұрығын сақтауға бюджеттік ақшаны асыл тұқымды мал зауытының есеп айырысу шотына аударады.

13-1. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының салық және республикалық әрі жергілікті бюджеттерге төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуі асыл тұқымды мал шаруашылықтарында 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген мерзімі ұзартылған берешек бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Ауылшармині 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы мәртебесі бар және 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін оны жоймаған асыл тұқымды мал шаруашылықтарының тізбесін бекітеді. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының бекітілген тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Салық комитеті) ұсынылады;

2) асыл тұқымды мал шаруашылықтары және тиісті салық органдары бюджеттер мен салық түрлері бөлінісінде асыл тұқымды мал шаруашылықтарында 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген берешекті салыстыру актілерін жасайды. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының салық органдары осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті салық органдарының асыл тұқымды мал шаруашылықтарымен салыстыру актілерінің тізілімдерін бекітеді және оларды Салық комитетіне ұсынады;

3) Салық комитеті Ауылшарминімен бірлесіп, осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттер мен салық түрлері бөлінісінде берешектің сомасын көрсете отырып, үш данада жиынтық салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды. Ауылшармині жиынтық салыстыру актісінің бір данасын Қазынашылық комитетіне ұсынады;

4) Салық комитеті Ауылшарминіне асыл тұқымды мал шаруашылықтарының және ақы төлеуге шоттарды толтыру үшін қажетті көрсетілген шаруашылықтарды тіркеу есебінің орны бойынша тиісті салық органдарының деректемелерін ұсынады;

5) Ауылшармині жиынтық салыстыру актісінің негізінде асыл тұқымды мал шаруашылықтары үшін салық берешегін өтеуге ақы төлеуге шоттарды ресімдейді. <*>

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.21. N 1086 қаулысымен.

14. Ауылшармині Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына осы Ереженің 8, 9, 10, 11, 12, 13-тармақтарына сәйкес төлем шотын ұсынады.

Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды
қолдауға қаражат төлеудің
ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.21. N 1086 қаулысымен.

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне арналған субсидия нормативтері

1) сатылатын асыл тұқымды төлдерге арналған субсидия нормативтері

Мал мен құстың түрлері және тұқымдары|Сатылатын 1 кг тірі салмаққа
|арналған субсидия
|нормативтері, теңге
|(құнының 50%-на дейін)

|асыл тұқымды |асыл тұқымды
| мал |мал шаруашы.
|зауыттары үшін|лықтары үшін

1 2 3

Ірі қара мал:

Соның ішінде сүтті бағыттағы:

Қара-ала (соның ішінде әулиеата)

сиыры 76 68

Қызыл (соның ішінде қырдың қызыл сиыры) 76 68

Қоңыр (соның ішінде алатау) сиыры 76 68

Қызғылт сары шұбар (соның ішінде симментал) 76 68

Айршир сиыры 76 68

Соның ішінде етті бағыттағы:

Қазақтың ақбас сиыры 69 63

Әуликөл сиыры 69 63

Герфорд сиыры 66 60

Қалмақ сиыры 69 63

Санта-гертруда сиыры 34 31

Галловей сиыры 34 31

Қойлар:

Соның ішінде биязы жүнді бағыттағы:

Қазақтың арқар мериносы 79 70

Солтүстік қазақ мериносы 79 70

Оңтүстік қазақ мериносы 79 70

Қазақтың биязы жүнді қойы 79 70

Австралия мериносы (жақсартушы тұқым) 330 300

биязылау жүн бағыттағы:

Қазақтың биязылау жүнді қойы 79 70

Қазақтың етті-жүнді қойы 79 70

Ақжайық етті-жүнді қойы 79 70

Дегерес қойы (биязылау жүнді) 79 70

Цигай қойы 79 70

Етті-майлы бағыттағы:

Еділбай қойы 74 67

Гиссар қойы 72 65

Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы 72 65

Сарыарқа қойы 72 65

Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойы 72 65

Дегерес қойы (ұяң жүнді) 72 65

Атырау елтірілік құйрықты қойы 72 65

Қарақөл қойы 68 62

Шошқалар:

соның ішінде:

Ірі ақ шошқа 80 70

Немістің асыл текті шошқасы 60 50

Ақсай қара-ала шошқасы 47 42

Жетісу шошқасы 47 42

Жылқылар:

соның ішінде:

Спорт бағытындағы:

Таза тұқымды мініс жылқысы 45 41

Ақалтеке жылқысы 45 41

Араб жылқысы 45 41

Қостанай жылқысы 45 41

Дон жылқысы 45 41

Орыстың желіс жылқысы 35 32

Орлов желіс жылқысы 35 32

Қарабайыр жылқысы 35 32

Өнімдік бағыттағы:

Қазақтың жабы жылқысы 81 73

Мұғалжар жылқысы 81 73

Көшім жылқысы 81 73

Адай жылқысы 81 73

Орыстың ауыр жүк таситын жылқысы 81 73

Түйелер:

соның ішінде:

Қазақтың айыр түйесі 74 66

Түркіменнің аруанасы 72 65

Бұғылар 74 69

Маралдар 74 69

2) тұқымдық бұқалар ұрығының бір дозасына субсидиялар нормативі

Асыл тұқымды өнімнің түрі | Ұрықтың 1 дозасына арналған

| субсидия нормативі, теңге

|(құнының 50% дейін)

Тұқымдық бұқалардың ұрығы 140

3) сатылған асыл тұқымды бір жұмыртқаға арналған субсидиялар нормативтері

Асыл тұқымды | Асыл тұқымды 1 жұмыртқаның

өнімнің түрі | 1 данасына субсидиялар

| нормативтері, теңге

|(құнының 50% дейін)

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған тауық жұмыртқасы (ұрықтық) 8

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған тауық жұмыртқасы (еттік) 20

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған үйрек жұмыртқасы 12

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған күркетауық жұмыртқасы 50

Тұқымды асылдандыру мақсаттарына арналған қаз жұмыртқасы 50

4) мал тұқымын асылдандыру ісі үшін сатып алынатын арнаулы жабдықтар мен техниканың құнын толық өтеу;

5) асыл тұқымды бұқаларды сатып алу, мал тұқымын асылдандыру орталығында күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу;

6) асыл тұқымды мал зауыты үшін ағылшын селекциясының таза тұқымды мініс айғырларын сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеу;

7) асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру және асыл тұқымды айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу;

8) құс өсіру жөніндегі асылдандыру шаруашылығында сатып алынатын азықтар мен қоспалардың құнын толық өтеу бөлігінде асыл тұқымды құс балапандарын күтіп ұстау шығындарын ішінара өтеу.

"Бекітемін" Асыл тұқымды мал

Қазақстан Республикасы шаруашылығын дамытуды

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауға қаражат төлеудің

_____ облыстық ережесіне 2-қосымша

аумақтық басқармасының

бастығы _____

(аты-жөні, қолы, мөрі)

2004 жылғы " __ " _____

_____ облысы бойынша 2004 жылдың _____ айындағы

(айдың аты)

асыл тұқымды өнімнің (материалдың) _____

(асыл тұқымды төлдер, тұқымдық бұқалар ұрығы,

асыл тұқымды жұмыртқа - қажеттісі қалдырылсын)
сатылуы және субсидиялар төлеу жөніндегі
Біріктірілген жиынтық ведомосы N _____*

Атауы |Жылдық квота|Сатылған |Асылдандыру мақса.|Жылдың
_____ | _____ |асыл тұқымды|тына асыл тұқымды |басынан
аудан.|асыл |(кг, |теңге |өнімнің (ма.|өнім (материал) |бері
ның |тұқымды|доза,| териалдың) |нақты сатылған |субсиди.
|өнімді |дана)| бірлігіне |(кг, доза, дана) |яның
|(мате. | | |(кг тірілей | _____ | тиесілі
|риалды) | | салмақ, |жылдың |есеп беру |сомасы,
|сату. | | |доза, дана) |басынан|айдың |теңге
шының			субсидия	бері	ішінде
			нормативі,		
			теңге		

1 2 3 4 5 6 7 8

таблицаның жалғасы

Жылдың |Субсидияның|Төленуге|
басынан |тиесілі со.|тиісті |
бері тө.|масының |теңге |
ленгені,|қалдығы, | |
теңге |теңге | |
_____ | _____ | _____ |
9 10 11 |

* сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне жеке жасалады
Облыстың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспекторы _____ (Т.А.Ә, қолы)
Облыстық аумақтық басқармасының бас
бухгалтері _____ (Т.А.Ә. қолы, мөр)